

Біріккен Ұлттар Ұйымының 50 жылдығына мерейтойлық мәнәттер шығару туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1 қыркүйек 1994 ж. N 978

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық банкісінің Біріккен Ұлттар

Ұйымының 50 жылдығына құны 20 теңгелік 5 миллион дана мерейтолық мәнәттер шығару туралы ұсынысы қабылдансын.

Бұл мәнәттер республикада заңды төлем құралы болып табылады.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық банкісіне:

Біріккен Ұлттар Ұйымының белгісі мен мәнәттердің дизайны бейнеленген мерейтойлық мәнәттер шығару туралы баспасөзде хабар жариялау;

Біріккен Ұлттар Ұйымының нұсқауларын ескере отырып, мерейтойлық мәнәттерді айналымға шығару күнін белгілеу;

осы мәнәттер шығаруға кететін шығынды банк шығысының сметасы шегінен асырмау ұсынылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі